



КЛОУНДАР КӨҢІЛ
КӨТЕРДІ

4-БЕТ | БАЛАЛАР КҮНІ



САҒЫНЫШ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



РЕКОРДТЫ МАРАФОН

8-БЕТ | СПОРТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз әлемдегі ең ірі ғарыш айла-
ғының қазақ жерінде орналасқанын
ерекше мақтан тұтамыз. Халқы-
мыздың қаһарман ұлдары Тоқтар
Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және
Айдын Айымбетов осы арадан
космосқа аттанды.

№64
(4808)
Сейсенбі
3 маусым
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті орта білім беру ұйымдарының қызметіне кешенді талдау жүргізіп, еліміздегі ең үздік 100 мектепті анықтады.

Үздік мектептердің таңдаулы тізіміне Астана қаласының 5 мектебі енді.

Атап айтқанда, Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы, №73 мектеп-лицейі, Шейх Халифа бен Заида аль-Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейі, Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейі, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы еліміздің топ-100 мектебі тізімінен орын алды.

Үздік мектептер бағалау кезінде білім беру сапасын сырттай бағалау нәтижелері, мектептерге арналған PISA және PISA халықаралық зерттеулеріне қатысу, білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі деректері (ББЖМ), мемлекеттік аттестаттау қорытындылары, оқушылардың жетістіктері, педагогтардың біліктілігі, инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау, тәрбие жұмысының тиімділігі, қолайлы мектеп ахуалы, ғылыми, экологиялық және әлеуметтік жобаларға қатысу бойынша бақылау және бағалау іс-шараларының қорытындылары негізінде кешенді талдау жүргізілді. Сонымен қатар басқарудағы ашықтық қағидаттары да ескерілді.

САНСӨЙЛЕМ

2025 ЖЫЛДЫҢ 1 МАМЫРДАҒЫ
ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕЛІМІЗДЕ

20 353 265

АДАМ ТҰРҒАН.



РӘМІЗІҢМЕН РУХТАН!

Ертең еліміздің егемендігі мен бірлігінің ерекше нышаны – Мемлекеттік рәміздер күні. Әрбір азаматтың жүрегінен орын алатын мемлекеттік Туымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – ұлттық мақтанышымыз, келешекке деген сенімділіктің айрықша көрінісі.

ЖАҢА АУЛАЛАР АШЫЛДЫ

Биыл елордада шамамен 180 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстары қаланың барлық аудандарында қарқынды жүргізіліп жатыр.

Қаланың шеткі аймақтарындағы тұрғын алаптарындағы аулаларға да ойын және спорт алаңдары, шағын архитектуралық формалар, көпшілікке арналған демалыс орындары орнатылуда. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Халықаралық балаларды қорғау күніне орай елорданың алты ауданында 40-тан астам аула мен қоғамдық кеңістік пайдалануға берілгенін мәлім етті.



3

АСТАНА – ДОНОР ҚАЛА

Астана мен Алматы қаласы және Атырау облысы ел бюджетінің доноры болып отыр. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин мәлім етті.

«Бүгінде 20 өңірдің 17-сі субвенциялық, орталыққа тәуелділік 49 пайыз деңгейінде сақталып отыр. Қалған үш аймақ – Алматы, Астана қаласы және Атырау облысы донор болып отыр. Бірақ бұл «шартты» көрсеткіш екенін мойындау керек, орталықтан қосымша трансфертерді донор аймақтар да алып отыр. Мегаполис қалаларда, облыстарда ірі жобалардың көпшілігі орталықтан жүзеге асырылады. Бұл дегеніміз – метрополитен құрылысы, Астана қаласының жаңа көлік жүйесі, яғни LRT, жайлы мектептер, көліктік және өзге де ин-

фрақұрылымды дамыту жобалары. Үкімет жұмысының одан әрі екпіні даму институттарының қарқынын, инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудың бюджеттен тыс құралдарын, мемлекеттік қолдау шараларын дамыту арқылы өңірлердің экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге бағытталады. Жалпы, қабылданып жатқан шаралардан салық салу базасының одан әрі кеңеюі, жалпы өңірлердің салық әлеуетінің дамуы күтіледі» деп атап өтті Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

РУХЫНА ТАҒЫМ ЕТЕМІЗ

Президент Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған іс-шарада сөз сөйлеп, қазақ елі де зобалаң жылдардың тауқыметін тартқанына тоқталды. «Біз жыл сайын 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске аламыз. Зұлмат заманда қаза болған жандардың рухына тағзым етеміз. Өткен ғасырда Кеңес Одағына қарасты көптеген халық талай қиындықты бастан өткерді. Соның ішінде қазақ елі де зобалаң жылдардың тауқыметін тартты. Күшпен ұжымдастыру науқаны кезінде мал-мүлкінен айырылды. Жұртымыз алапат аштықтан қынадай қырылды, көп адам жан сауғалап, шетел асып кетуге мәжбүр болды. Сталиндік репрессия кезінде ұлттымыздың зиялылары, білімді, көзі ашық азаматтар жаппай қудаланды. Мыңдаған адам халық жауы атанып, аяусыз азапталды, сотсыз атылды. Ұлтымыз аз ғана уақыт ішінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіров сияқты мыңдаған ең асыл перзенттерінен айырылды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

КЕСАПАТ ЕШҚАШАН
ҚАЙТАЛАНБАУҒА ТИІС

Қазақстан Президенті қасіретті дәуірдің құрбаны болған, зардабын тартқан жұрттың бәрі осы нәубеттерден сабақ алуы керектігін айтты. «Қазақстан аумағында ГУЛАГ жүйесінің 11 лагері орналасты. «АЛЖИР» де – дәл сондай қасіретті жердің бірі. Мұнда жазықсыз жала жабылған 8 мыңға жуық әйел қамауда отырып шыққан. Олардың арасында Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Темірбек Жүргенов, Бейімбет Майлин, Санжар Асфендияров сынды әйгілі тұлғалардың жұбайлары бар. АЛЖИР азабын көрген жандардың ұрпақтары қазір ортамызда отыр. Саяси қуғын-сүргін тек қазақ халқының басына түскен зобалаң емес. Мысалы, АЛЖИР-де алпыстан астам этнос өкілдері қамауда болды. Сондықтан сол қасіретті дәуірдің құрбаны болған, зардабын тартқан жұрттың бәрі осы нәубеттерден сабақ алуы керек. Мұндай кесепат ешқашан қайталанбауға тиіс. Ал қазіргі тарихи заманда бұл тек өзімізге ғана байланысты. Ұлт жылнамасындағы қаралы кезеңдерді жадымызда жаңғыртуудың түпкі мәні осында» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЛТ КЕЛЕШЕГІНЕ
ҚАЖЕТТІ ЖҰМЫС

Мемлекет басшысы бүгінге дейін саяси қуғынға ұшыраған 300 мыңнан астам адам ақталғанын мәлімдеді.



АҚТАНДАҚТАРДЫ АШУ –
ҚАСТЕРЛІ БОРЫШЫМЫЗ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Осыған орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мемориалды-мұражай кешеніне барып, гүл шоғын қойды. Мемлекет басшысы боздақтардың рухына тағзым етіп, бір минут үнсіздікпен еске алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тоталитарлық жүйе құрбандарының өмірінен сыр шертетін бірегей құжаттар, тұтқындардың жеке заттары, архив материалдарымен танысты. 1938-1953 жылдары мыңдаған әйел адам төзгісіз жағдайда жазаларын өтеген бұл қасіретті орын – бүгінде маңызды жалпыұлттық ескерткіштердің бірі.

«Төл тарихымыздың ақтандақ беттерін ашу – ата-бабалардың және кейінгі ұрпақтың алдындағы қастерлі борышымыз. Соңғы жылдары бұл бағытта нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Осыдан 5 жыл бұрын Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Көптеген сарапшылар мен ғалымдар үш жыл бойы тынымсыз еңбек етті. Мемлекеттік және мекемелік архив құжаттары егжей-тегжей зерттелді. Саяси қуғынға ұшыраған 300 мыңнан астам азамат ақталды. Екі жарым миллионнан астам материалдың құпия белгісі алынып тасталды. Комиссия зерттеген құжаттар негізінде 72 томдық жинақ дайындалды. Қуғын-сүргін кезінде Алашорда қайраткерлеріне қатысты қозғалған істер 12 том болып жарыққа шықты. Бұл еңбекті әзірлеу барысында бұрын еш жерде жария етілмеген құжаттар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. Сондай-ақ

Президент архивінің жанынан ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін құжаттарын зерттеумен айналысатын арнайы орталық ашылды. Бұрын құпия болып келген 700 мың құжат, яғни қылмыстық іс осы орталыққа тапсырылды. Бұл – шын мәнінде, елімізде бұрын-соңды болмаған өте ауқымды жұмыс. Ашығын айтуымыз керек, басқа мемлекеттерде осындай көлемді зерттеулер әлі жасалған жоқ. Мұның бәрі – зерттеуші мамандардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Мен ел тарихын зерделеуге белсене атсалысқан барша азаматтарға, соның ішінде Комиссия мүшелеріне шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Олардың еңбегі міндетті түрде марапатталады. Қазіргі таңда ғалымдарымыз жиналған деректерді жүйелеп, бір ізге түсіріп жатыр. Бұл – ұлт келешегіне қажетті аса маңызды жұмыс» деді Ел Президенті.

ТАРИХТЫ БҰРМАЛАУҒА
БОЛМАЙДЫ

Президент тарихты бұрмалауға, сол кезеңдегі мемлекеттің адамгершілікке жатпайтын зұлым саясатын ақтауға мүлдем болмайтынын қадап айтты. «Төл шежіремізді мұқият зерттеуіміз және терең білуіміз қажет. Бұл – аксиома. Ұлтымыздың тарихын білмей, ең бастысы, оны терең түсінбей, қазіргі заманғы түрлі саяси үрдістер туралы дұрыс пайым жасау мүмкін емес. Миллиондаған адамның тоталитаризм құрбаны болғанын жадымызда сақтау – қастерлі парызымыз. Тарихты бұрмалауға, сол кезеңдегі мемлекеттің адамгершілікке жатпайтын зұлым саясатын ақтауға мүлдем болмайды. Сондай-ақ тарихты саясаттың қолшоқпары етіп, популистік идеяларды насихаттайтын, ел ішіне іріткі салатын құрал ретінде пайдалануға жол бермеуге тиіспіз. Біздің қоғамда жоғары

азаматтық жауапкершілік салтанат құруға тиіс. Қуғын-сүргін мен ашаршылықтан ең көп зардап шеккен қазақ халқы болса да, бұл – бұрынғы кеңес мемлекетінде өмір сүрген барлық дерлік халықтардың басына түскен қасірет. Сондықтан мұндай нәубеттер ешқашан қайталанбауы үшін одан сабақ алу өте маңызды. Халқымыз ұлы дала өркениетінің бірегей мәдени кодын сақтап келеді. Соның арқасында біз ел тағдыры сынға түскен қатердің бәрін еңсеріп, әрдайым ар-намысымызды биік ұстай білдік. Жұртымыз ең қиын күндердің өзінде ынтымақ, гуманизм, бауырластық сияқты құндылықтардан ажыраған жоқ. Түрлі нәубеттен жапа шеккендердің бәріне көмек қолын созды. Сол себепті өзара қамқорлық, жауапкершілік, төзімділік сияқты қасиеттер ұлттық болмысымыздың сипатына айналды» деді Мемлекет басшысы.

ӨТКЕНГЕ ЖАЛТАҚТАУ –
ӘЛСІЗДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Мемлекет басшысы тәуелсіздік – бәрінен қымбат қастерлі ұғым екенін санаға сіңіруіміз қажет екенін атап айтты. «Тарихқа деген көзқарас қай кезде де саяси ахуалдың ықпалында кетпеуге тиіс. Бірақ өкінішке қарай, қазір бұл барлық жерде үйреншікті жағдайға айналды. Күні кеше ғана жер-көкке сыйғызбай мадақталған тарихи тұлғалар ғалым-сымақтардың қалауымен жағымсыз адамға айналып сала береді. Керісінше, бір кезде атына қара таңба басылған саяси қайраткерлер түрлі насихатшылардың арқасында танымал болып шыға келеді. Ал қуғын-сүргінді ұйымдастырушылар мен орындаушылар қаһарманға айналып кетті. Біз жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдар мен дәрігерлердің, сондай-ақ олардың туыстары мен жұбайларының есімін ұмытпауымыз керек. Бірақ қандай ауыр болса да, өткен күндердің қасіреті еліміздің дамуына, өсіп-өркендеуіне кедергі болмауға тиіс. Бүгінгі ахуалға өткеннің өлшемімен қарап, үнемі кешегі күнмен өмір сүруге болмайды. Тарихқа барынша кең ауқымда қараған жөн. Біз тағдырдан теперіш көрдік деген ойдан арылуымыз қажет. Өткенге жалтақтау – әлсіздіктің белгісі. Қазақ халқы тәуелсіз және егемен ел болу жолында сан түрлі қиындықтарды артқа тастап, көптеген сын-қатерді еңсерді. Сондықтан, тәуелсіздік – бәрінен қымбат қастерлі ұғым екенін санаға сіңіруіміз қажет. Жалпыұлттық бірлігімізді көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттігімізді нығайту маңызды. Тағы да қайталап айтамын: өткенді ұмытпай, төл тарихымызға құрметпен қарау – дұрыс, демек, біз тек алға қарай жүріп, жарқын болашаққа ұмтылуымыз керек» деп сөзін түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БЕЙНЕ ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Байқоңыр» ғарыш айлағының құрылғанына 70 жыл толуына орай бейне үндеу жолдады. Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы хабарлады.

«Құрметті достар! Қадірлі ғарыш саласының қызметкерлері мен ардагерлері! Баршаңызды «Байқоңыр» ғарыш айлағының құрылғанына 70 жыл толуымен құттықтаймын! 1957 жылы дәл осы арадан жасанды Жер серігі ұшырылып, ғарышты игеру дәуірі басталды. Көп ұзамай, 1961 жылы айлақтан тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин көк жүзіне аттанды. Бұл тарихи оқиға жаһан жұртшылығын біріктіріп, адамзаттың ғылым мен өркениет прогресіне деген сенімін нығайтты. Содан бері Байқоңырдан мыңдаған Жер серігі ұшырылып, ондаған миссия орындалды. Мұнда көрнекті ғалымдар, конструкторлар мен инженерлер жұмыс істеді. Ұлы жетістіктердің бастауында тұрған барлық маманға шексіз ризашылығымды білдіремін! Біз әлемдегі ең ірі ғарыш айлағының қазақ жерінде орналасқанын ерекше мақтан тұтамыз. Халқымыздың қаһарман ұлдары Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев



және Айдын Айымбетов осы арадан космосқа аттанды. Еліміз халықаралық ғарышты игеру ісінің белсенді мүшесі саналады. «Байқоңыр» айлағы – Қазақстан мен Ресейдің достыққа, тату көршілікке және өзара түсіністікке негізделген ұзақмерзімді стратегиялық серіктестігінің жарқын көрінісі. Соңғы онжылдықтарда Қазақстан ұлттық экономиканың дамуына ықпал ететін бірқатар

ауқымды ғарыш жобаларын іске асырды. Еліміз Байқоңырды халықаралық ынтымақтастықтың, ғылым мен білімнің және туризмнің орталығына айналдыруға ұмтылады. Ғарыш қызметінің жаңа нарықтарына шығу, жас инженерлердің, конструкторлар мен ғалымдардың әлеуетін арттыру жарқын болашаққа жол ашады. Осы орайлы сәтті пайдаланып, Байқоңыр қаласының тұрғындарына айрықша алғыс айтқым келеді. Сіздер табанды еңбек етіп, ғарышты зерттеу ісінің ізашарларынан қалған мол мұраны мұқият сақтап келесіздер. Бұл – зор құрметке лайық. Ғарыш саласы бүкіл адамзатты әрдайым ортақ мақсатқа жұмылдырып, жаңашылық пен ғылыми-техникалық прогреске бастайды. Байқоңыр алдағы уақытта да ұлы жаңалықтар мен озық инновациялардың қайнар көзі бола береді деп сенемін! Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!» делінген құттықтау мәтінінде.

7 МЛН-ға ЖУЫҚ БАЛАНЫҢ
БОЛАШАҒЫНА КЕПІЛ

«Ұлттық қор – балаларға» жобасына 2025 жылы қатысушылар саны 6 921 035 балаға дейін өсті, оның 324 430-ы биыл 18 жасқа толады, ал есептеулер \$129,38 құрады. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Медициналық және әлеуметтік қолдау жүйесін толықтыра отырып, мемлекет болашақ ұрпақ үшін қаржылық тұрақтылықтың ұзақмерзімді тетіктерін енгізіп жатыр. Мұндай тетік 2022 жылғы 1 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған «Ұлттық қор – балаларға» жобасы болды. Жобаны Үкімет Қаржы министрлігі арқылы іске асырады және Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын балалардың 18 жасқа толғанға дейінгі арнайы жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз аударуды көздейді. Жинақталған қаржыны тұрғын үй сатып алуға және білім алуға пайдалануға бола-

ды. Бағдарлама ресми түрде 2024 жылдың 1 қаңтарында басталды. Оның шеңберінде 2006 жылдан бастап туылған әрбір балаға Ұлттық қордан жыл сайын қаражат аудару көзделген. Қаржы министрлігінің мәліметінше, өткен жылы бағдарламаға 6 919 131 адам 2006 жылдан 2023 жылға дейін қоса алғанда туылған балалар қатысты. Олардың әрқайсысына \$100,52 есептелді. Есептеудің жалпы сомасы \$695,5 млн-ды құрады. Ұлттық қордан ақша есептелген балалардың жалпы санынан 2024 жылы 304 815 адам 18 жасқа жетті, оларға жалпы сомасы \$30,6 млн аударылды. 2025 жылы қатысушылар саны 6 921 035 балаға дейін өсті, оның 324 430-ы биыл 18 жасқа толады, ал есептеулер \$129,38 құрады. Бағдарламаға

екі жылдан бері қатысып келе жатқан балаларда инвестициялық кірісті қоса есептегенде, жинақтардың жалпы сомасы – \$232,94. Ұлттық қордан берілген жалпы сома \$1,5 млрд-ты құрады. Қаражат бала 18 жасқа толанға дейін жинақталады, содан кейін оларды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе оқу ақысын төлеуге пайдалануға болады. Осы мақсаттарға 118 мыңнан астам өтінім берілді, оның 97 мыңы орындалды. Жалпы сомасы – \$11 млн 399,1 мың. Атап айтқанда, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға 63 871 өтінім берілді, оның ішінде 56 591 өтінім орындалды және \$6, 647,9 млн төленді. Оқу ақысын төлеуге 54 270 өтінім берілді, оның ішінде 40 466 өтінім орындалды және \$4,751,2 млн төленді.

ЖАҢА АУЛАЛАР АШЫЛДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай елорданың алты ауданында 40-тан астам аула мен қоғамдық кеңістік пайдалануға берілді.



Байқоңыр ауданында мерекелік іс-шара аясында 10 жаңа аула ашылды. Олар балалардың ойнап, демалуына қолайлы заманауи орынға айналды. Аталған аумақтарда ойын және спорт алаңдары, шағын архитектуралық формалар, демалыс аймақтары орнатылған.

Жаңа аулалар мына мекенжайларда орналасқан: Сейфуллин көшесі, 41; Бейсекбаев көшесі, 14; Сембинов көшесі, 21; Ғабдуллин көшесі, 1; Торайғыров көшесі, 3; Уәлиханов көшесі, 3; Рахимов көшесі, 91; Шонаұлы көшесі, 39 және 41; Жұбанов көшесі, 3; Торайғыров көшесі, 1.

2025 жылғы Байқоңыр ауданында 88 аула абаттандырылады. Олардың ішінде 18-і кешенді түрде жаңғыртылады, ал қалған 70 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізіледі. 18 ауланың 12-сі «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында абаттандырылмақ.

Алматы ауданында 3 аула толық абаттандырылып, пайдалануға берілді. Жұмыс барысында ойын кешендері, спорт алаңдары, қоқыс жәшіктері, орындықтар, автотұрақ аймақтары және воркаут алаңдары орнатылды. Ерекшелігі – ұлттық стиль элементтерімен безендірілген әткеншектер, қосарлы әткеншек және карусельдердің болуы. Жаңа ауланың ашылу салтанаты мерекелік көңіл-күйде өтті, оған аудан әкімі мен мәслихат депу-

таттары қатысты. Биыл Алматы ауданында тағы 12 аула абаттандырылмақ.

Сарыарқа ауданының тұрғындарын жаңғыртылған 16 аула қуантты. Капиталдық жөндеу аясында балалар алаңдары, спорт аймақтары, футбол алаңдары жаңартылды. Резеңке жабыны төселіп, жаңа ойын элементтері орнатылды. Абаттандырылған нысандар Ы.Дүкенұлы – Ш.Айманов – Республика даңғылы – Бөгенбай батыр көшелерінің шаршы аумағында және Павлов көшесі, 29; Ы.Дүкенұлы, 37/1; Республика даңғылы, 39 мекенжайларында орналасқан.

Сарыарқа ауданында Ә.Мәмбетов, Гете, Ғұмар Қараш көшелері мен Республика даңғылы бойында көшелер мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жалғасуда.

Нұра ауданында 8 аула салтанатты түрде ашылды. Олардың ішінде мына мекенжайлар бар: Мәметова көшесі, 2, 2/1, 8, 10; Сығанақ көшесі, 14, 18; Әнет баба көшесі, 11/2, 11/3; Қ.Мұхамедханов көшесі, 28, 28А, 28Б.

Жұмыс аясында балалар алаңдары, спорт аймақтары орнатылып, көгалдандыру жүргізілді.

Сонымен қатар, Үркер тұрғын алабында үш гүлзар абаттандырылды: №69 мектеп-гимназиясының артында, «Нұра» спорт кешенінің жанында және «Айғыржал» сквері.

Сарайшық ауданында Балаларды қорғау күніне орай төрт жаңартылған

аула салтанатты түрде ашылды. Жұмыстар аясында ойын және спорт алаңдары орнатылып, аумақ көгалдандырылып, балалар мен ересектерге жайлы демалыс жасалды.

Абаттандырылған аулалар мына мекенжайларда орналасқан: Р.Қошқарбаев даңғылы, 68 («Аспан» тұрғын үй кешені), Шалқоде көшесі, 9, А.Бөлекбаев көшесі, 4 («Тарлан» тұрғын үй кешені), А.Бөлекбаев көшесі, 15.

Ауланың ашылу іс-шарасы мерекелік көңіл-күйде өтті. Аулаларға аниматорлар шақыртылып, балаларға арналған ойындар мен сыйлықтар ұйымдастырылды.

Есіл ауданында қала кеңістігінің элементтерін жаңарту мен қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар басталды. Олар елорданың басты қоғамдық орындарын қамтиды: Желілік саябақ, бульвар, әл-Фараби мешіті жанындағы сквер, Есіл өзенінің жағалауы, Д.Қонаев көшесі бойындағы Дипломатиялық қалашық сквері, «ЭКСПО» сквері, Есіл бойындағы парк, «Астана Балет» театры алдындағы сквер, сондай-ақ Ақмешіт, Сарайшық, Ұлы дала, Гейдар Әлиев, Орынбор, Түркістан және Мәңгілік ел көшелері.

Биыл Есіл ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында тағы 6 аула абаттандырылады. Қазіргі таңда бұл жұмыс жүріп жатыр.

Астана қаласында оқушыларға арналған жазғы лагерлер өз жұмысын ресми түрде бастады. Бұл – балалардың жазғы демалысын тиімді әрі мазмұнды өткізуге бағытталған кешенді жұмыстардың бастамасы, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЛЕР МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Жазғы маусымда елордадағы 1-10 сынып аралығындағы 210 мыңнан астам оқушыны қамту көзделіп отыр. Олардың ішінде халықтың әлеуметтік осал санатындағы 11 мыңнан астам бала да жазғы демалыспен қамтамасыз етіледі. Білім беру ұйымдарының жанынан ұйымдастырылған лагерлер бірнеше бағытта жұмыс істейді: мектеп жанындағы лагерлер – 92 мектеп базасында жұмыс істейді, оған 55 200 оқушы қатысады; бейінді лагерлер – түрлі бағыттағы 192 лагерде 11 520 оқушы демалады; тақырыптық жобалар – 10 жоба аясында 142 298 оқушы қамтылады; қала сыртындағы лагер – 1 лагерьде 1 400 бала жазғы демалысын өткізеді.

Сонымен қатар, қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне 4 мыңнан астам бала жіберіледі. Бұл мақсатта жергілікті бюджеттен қажетті қаражат бөлініп, балалардың демалысын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалған.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБА

Елімізде Президенттік жастар кадр резервіне құжат қабылдау басталады. Осыған орай Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызметкерлердің арасында кезекті іріктеуге өту бойынша түсіндіру жиынын өткізді.

Индира БЕРЖАНОВА

Кездесу барысында департамент басшысы Ербол Жолданғар биылғы төртінші мәрте өтетін іріктеудің ерекшеліктеріне тоқталды.

– Бастамашыл, жаңаша ойлайтын жастарды мемлекеттік басқару ісіне тартуға бағытталған Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған болатын. Бұған дейін үш іріктеу өткізілді. 2019, 2021 және 2023 жылдардағы іріктеулерге 60 мыңнан астам азамат қызығушылық танытты, олардың нәтижелері бойынша резервке 400 адам қабылданды. Оның – 318-і мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда жұмыс істеуде, яғни жалпы санының 80%-ы жұмысқа орналастырылды.

Биылғы төртінші іріктеудің ерекшелігі – әр бағыт бойынша үміткерлердің біркелкі санын қамтамасыз ету мақсатында әрбір кезеңде пропорционалды іріктеу өткізу. Яғни, резервтің әр салалық бағыты бойынша квоталар

қарастырылып, іріктеу сол салалық бағыт бойынша ғана жүргізілетін болады, – деді Е.Қабдығалиұлы.

Іріктеуге жоғары білімді, бес жылдық жалпы жұмыс өтілі бар, 35 жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Олар мемлекеттік тілді В1-ден төмен емес деңгейде меңгеруі тиіс. Президенттің тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадр резервіне тұрған адамдар іріктеуге жіберілмейді.

Азаматтарды іріктеу 6 кезеңнен тұрады. Бұл туралы департаменттің Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Назгүл Ахметжанова мәлімдеді.

Сарапшылардың қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында қарауға ұсынылатын қатысушылардың тізімі жасалады. Соңғы кезеңде Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, Президенттік жастар кадр резервіне үздік 50 кандидат қабылданады, – деді Н.Жолдасқалиқызы.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

26.05.2025

№510-1522

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қосымшаға сәйкес «№91 мектеп-гимназиясына қосымша» объектісін іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін Астана қаласы, «Алматы» ауданы, А. Хранный көшесі, №10 мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,6000 га жер учаскелері 2025 жылғы 25 тамыздан бастап 2026 жылғы 25 тамызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылысын.
- «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға

мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

- Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.
- Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.
- «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі»-не қосымшаға сәйкес «Әкімшілік ғимарат объектісін іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ф. Оңғарсынова көшесінің ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 4,4573 га жер учаскелері 2025 жылғы 25 тамыздан бастап 2026 жылғы 25 тамызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылысын.
- «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

- Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.
- Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.
- «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі						
Ж. Қасымбек						
Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы « 26 » 05 № 510-1522 қаулысына қосымша						
Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі						
Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты
1.	21-318-083-1134	«Euro City-2» ЖШС	1593	1593	Астана қаласы, Алматы ауданы, А32 көшесі, 2Д уч.	04.08.2028 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
2.	21-318-083-1116	Ивженко Татьяна Владимировна, Ивженко Виктор Павлович	1535	2	Астана қаласы, Алматы ауданы, А32 көшесі, 2Г уч.	Ортақ бірлескен меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

26.05.2025

№510-1523

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және

өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы»

4 | БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

№64 (4808) 03/06/2025 Сейсенбі



«ОТБАСЫ TIME» ЖОБАСЫ АШЫЛДЫ

Елордадағы қалалық алаң маңында «Отбасы Time» атты жобаның ашылуы өтті. Ол жазғы кезеңде әр демалыс сайын отбасылық демалысты тиімді ұйымдастыруға бағытталады.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Іс-шара ашық аспан астында ұйымдастырылып, алуан түрлі бағдарламамен жалғасын тапты. Алдымен жас өнерпаздардың мультихикалардың кейіпкерлерімен бірге шеруі өтті. Дарынды балалар ән айтып, би билеп, бар өнерін ортаға салды.

«Жаздың алғашқы күні бала күлкісіне бөленіп, тамаша мерекемен басталады, «Лимпопо» аниматорлары, «Алтын дән» би

ансамблі, «Айналайын» хоры секілді бірқатар өнер ұжымы өз өнерін көрерменге паш етті. Бұл жоба жыл сайын дәстүрлі түрде өтеді. Әр демалыс күндері қала саябақтарында осындай мерекелік кештер ұйымдастырылады» деді өз сөзінде аталмыш жобаның жүргізушісі Мұхит Ташпенев.

Бүлдіршіндердің асыр салып, асыға күтетін мерейлі мерекесі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, кішкентай тұрғындарды қуаныш пен шаттыққа бөледі. Іс-шараға

қатысушылардың қарасы да көп болды.

– Мен Балалар күнін ерекше күтемін. Себебі ол күні біз ата-анамызбен серуендеп, түрлі ойын ойнап, көңіл көтереміз. Биылғы мереке де шаттық пен қызыққа толы. Жаңа достармен таныстым, маған тегін аквагрим салып берді, өзіме қатты ұнады. Бізге осындай көңіл күй сыйлаған ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, – деді елордалық кішкентай тұрғын Аяулым Естай.

КЛОУНДАР КӨҢІЛ КӨТЕРДІ

Бас қалада II халықаралық клоундар фестивалі өтті. Іс-шара Нұржол жележолында әртүрлі елдің өнерпаздары қатысатын клоундар шеруімен басталды.



Фестиваль қатысушылары «Бәйтерек» монументінен «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығына қарсы бетте орналасқан «Ғашықтар» паркіне дейінгі жележолмен жүріп өтті. Мерекелік іс-шара Kazmedia Hall сахнасында ең жас елордалықтарға арналған қайырымдылық гала-концертпен аяқталды.

«Халықаралық балаларды қорғау күніне орай елордадағы Бәйтерек монументі жанында жиналды. Өте керемет бағдарлама ұйымдастырылған. Іс-шараны тамашалауға келген қала тұрғындары мен қонақтары өте көп. Бізбен суретке түсіп, өте көтеріңкі көңіл күйде жүр» деді шеруге қатысқан Ділназ Ертаева.

Фестивальге Қазақстан, Италия, Испания, Ресей мен Бельгия өнерпаздары қатысты. Онда танымал Мұтырғановтар отбасы, тараздық клоундар, Санкт-Петербург қаласынан келген «Лицедеи» театрының әртістері, испаниялық Хуго Санчес, италиялық жұп Дэнни мен Диво, бельгиялық Барто клоуны өнер көрсетті.



ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ МЕЙРАМ

Астана қаласы әкімдігінің алдындағы алаңда ерекше балаларға арналған «Балалар – біздің бақытымыз» атты мерекелік іс-шарасын «Ерекше мейрамдар» қоғамдық қоры мен Сарыарқа ауданы әкімдігі бірлесе өткізді. Іс-шара барысында сахнада ән шырқалып, би қойылымдары мен түрлі бағдарлама көрсетілді.

«Қаланың Мәдениет басқармасы мен Білім басқармасының қолдауымен, сондай-ақ шығармашылық орталықтардағы әріптестеріміздің көмегімен және Сарыарқа ауданы әкімдігінің қатысуымен осы тамаша іс-шараны өткізуге мүмкіндік алдық. Концертіміздің сахнасында Астананың ерекше әртістері – балалар, жастар және аға буын өкілдері өнер көрсетті. Олар ән айтып, өлең оқыды, музыкалық аспаптарда ойнап, көрермендерге қуаныш сыйлады. Біз әлеуметтендіру бағдарламасына ерекше көңіл бөлеміз. Осындай бірлескен жұмыс балалар арасында достықты нығайтады. Мұндай жобалар арқылы бүлдіршіндердің шығармашылық қабілеті ашылып, өзара түсіністік дамып, төзімділік қалыптасады. Ерекше балалардың әлеуетін дамыту үшін инклюзивті бастамалар арқылы мұндай алаңдардың маңызы зор екенін түсінеміз»



деді «Ерекше мейрамдар» қоғамдық қорының жетекшісі Ботагөз Игенбаева.

Ерекше баланың анасы Балжан өз әсерін былайша жеткізді: «Маған осындай тамаша іс-шара өтетінін көршім айтты. Содан ұлыммен бірге барамын деп

жоспарладым. Ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз. Балалар сурет салып, би билеп, музыка тыңдап, бір-бірімен ойнады. Бұл біз үшін өте маңызды. Бүгін балам бақытты болды. Ал бұл – әр ата-ана үшін ең басты нәрсе».

«БӨПЕFAIR» ФЕСТИВАЛІ

Бас қаладағы «Жетісу» саябағында «БөпеFair» отбасылық ойын-сауықтық, танымдық фестивалі өтті. Екі күн қатарынан таңертеңнен кешке дейін ұйымдастырылған іс-шара елордалық балалар мен олардың ата-аналарына ерекше мерекелік көңіл күй сыйлады.



**Райхан
РАХМЕТОВА**

«Жетісу» паркі әкімшілігінің ұйымдастыруымен Халықаралық балаларды қорғау күнінде өтетін фестиваль екі күнде де таңғы йогамен басталды. Би ансамблінің өнерімен ашылған іс-шара одан әрі ұлттық киімдердің сән үлгісін көрсетумен жалғасты. Сонымен қатар бағдарламаға сәйкес «Жөргекпен жарыс», «Балалар арбасымен жарыс» байқаулары, кидбург, би кеші өтті. Екінші күнінде «Арт-жүкті әйелдер», «Mrs. Bore Fair 2025»

байқаулары, «Хазар» лезгинка би мектебінің өнері, «Гэкку», «Алтын ұрпақ» көрсетілімі ұйымдастырылды. – Біздің саябақ «БөпеFair» отбасылық фестивалін өткізуді 2017 жылы бастаған. Имидждік жобамыздың екінші рет өтуі. Барлық іс-шара тегін, таңертеңнен түскі сағат 12.00-ге дейін бүкіл аттракциондар да 14 жасқа дейінгі балаларға ақысыз болады. Бұдан басқа да фестивальдер саябақта жиі өтеді. Басты мақсат – мұнда келген халықтың балаларын тек аттракциондарға мінгізіп қана қайтпай, үлкенге де, кішіге

де уақытын қызықты өткізуіне жағдай жасау. Сол үшін түрлі концерттік бағдарламалар, ойындар ұйымдастырылып отырады. Жалпы саябақтың аумағы – 14 гектар. 2018 жылы саябақ қайта құрылып, оның жобамыздың екінші рет өтуі. Барлық іс-шара тегін, таңертеңнен түскі сағат 12.00-ге дейін бүкіл аттракциондар да 14 жасқа дейінгі балаларға ақысыз болады. Бұдан басқа да фестивальдер саябақта жиі өтеді. Басты мақсат – мұнда келген халықтың балаларын тек аттракциондарға мінгізіп қана қайтпай, үлкенге де, кішіге

Саябаққа мереке күні келген халықтың қарасы қалың. Балаларын ерткен елордалықтар мен қала қонақтары әртүрлі іс-шараға қатысып, мәз-мейрам болды.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

«Айсын» радиожурналистика мектебінің оқушыларына және кішкентай оқырмандарға №6 балалар кітапханасы ұжымы «Балаларға базарлық» атты әсерлі іс-шара өткізді.

Мерекелік жиынға жас тілшілер, ұстаздар, кітапхана қызметкерлері мен оқушылар қатысты. Балаларға арналған бұл күн ерекше көңіл күй сыйлап, олар үшін ұмытылмас естелікке айналды. №6 балалар кітапханасының меңгерушісі Анар Акимбекова елордадағы кітапханалар балалардың шығармашылық тұрғыда дамуына бар күшін жұмсайтынын атап айтты.

«Бұл мереке – сіздер үшін жасалған шынайы қуаныш пен махаббатқа толы күн. Біздің кітапхана ұжымы әрдайым балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, олардың білім мен өнерге деген қызығушылығын арттыруға атсалысып келеді. Осы орайда, «Айсын» радиожурналистика мектебімен бірлесе атқарған тоғыз айлық жұмысымыз нәтижесіз емес. Балалар сахнада

өнер көрсетіп, тележобаларға қатысып, түрлі радиобағдарлама жүргізуде. Бұл – ортақ еңбектің жемісі. Алдағы уақытта да осындай бастамаларды жалғастырып, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеуге бар күшімізді саламыз» деді ол.

**Ұлжан МАНАП,
Астана қаласындағы
№111 мектептің оқушысы**

ТҰҢҒЫШ РӘМІЗТАНУШЫ

1992 жылдың 4 маусымы – егемен еліміздің тарихында тағы бір бірегей оқиға тіркелген күн. Өйткені баршаға мәлім, дәл осы уақытта Қазақстан Республикасының мемлекеттік дербестігінің символдары – Ту, Елтаңба, Әнұран сынды негізгі рәміздер дүниеге келген-ді.



Тәуелсіздіктің аталмыш символ-атрибулттарын қабылдау үрдісі ел-жұрттың арасында бүкілхалықтық патриоттық қозғалыс туғызғанын айқын аңғаруға болады. Расында да, осы сәтте сан жылдар жүрген Ербол Шаймерденұлының сөзімен айтқанда, «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш рәміздерін жасау бүкілхалықтық сипат алып, көптің ісіне айналуы кездейсоқ емес. Халық жүрегін желпіген еркіндік самалы ғажайып шығармашылық белсенділік арнасын ашып жібергендей болды. Танымал өнер иелері ғана емес, қолына тұңғыш рет қалам, қылқалам ұстаған мектеп оқушысынан зейнеткерге дейінгі мыңдаған отандасымыз ойға ой қосып, өз жүрек дүрсілін жеткізуге асықты... Ұсынылған жобалар әр алуан болғанымен, байқауға қатысушылардың бәріне ортақ нәрсе ел тәуелсіздігінің жариялануына деген ризашылық, өз тағдырын ел тағдырымен бірге сезінген жоғары отаншылдық сезім және жасандылығы жоқ, тек адамның өз рухының оянып, желпінуінің нәтижесінде ғана пайда болатын азаматтық, саяси белсенділік еді».

Мемлекет және қоғам қайраткері деген атаққа әбден лайық Ерекеңнің бұл сөздері сол кездегі қазақ қоғамындағы азаттықтың рухына кенелген әлеуметтік-саяси ахуалды дәл сипаттауымен дараланады. Ербол Шаймерденұлының өткен ғасырдың 90-жылдардың басында-ақ көптеп жарық көрген еңбектерінен де, күнделікті атқарып жүрген сан салалы қызметтік хәм қоғамдық-саяси істерінен де сол кезде аздығы айқын аңғарылған уақыттың тегеурінді талабы тұрғысынан, әсіресе ел тәуелсіздігінің негізгі атрибут-символдары Ту, Елтаңбаны, Әнұранды бірінші кезекте жасақтаудың тарихи маңызын айрықша сезінгені көрініп тұратын.

Кеңестік жүйе тарих сахнасынан мүлдем кеткеннен кейін, Қазақстан Республикасы Парламентінің баспасөз хатшысы қызметіне тағайындалған Ерекең мемлекеттік рәміздерді дайындау және іріктеу жөніндегі республикалық комиссияның хатшысы міндетін асқан абыроймен атқарды. Шынтауайтында, ол егемендікті енді ғана еншіле-

ген еліміздің бас рәміздерін дайындау сынды жауапкершілігі аса жоғары іс-шараның іс жүзіндегі ұйымдастырушысы болды.

Өз басым Ерекеңмен сол кездері аралас-құралас жүрген жандардың бірі ретінде тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің тарихын зерттеуді 1992 жылдың басында-ақ қолға алды деп сеніммен айта аламын. Сөйтіп, методологиялық жағынан да, деректік негізі мен негіздемесі тұрғысынан да осынау күрделі тақырыпты зерттеуге үлкен дайындықпен келген ол алғашқы кітабын 1993 жылы «Қазақ елінің рәміздері» деген атпен жарыққа шығарды. Ғылыми ортаның да, қалың көпшіліктің де көңілінен шыққан барлығы 80 беттен тұратын осы туындысының негізінде зерттеуші араға 5 жыл салып, яғни 1998 жылы «Елтану әліппесі: қазақ елінің рәміздері» деген кезекті еңбегін баспадан шығарды. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – аталмыш екінші кітабы 160 бетке дейін ұлғайып, жоғары және арнайы орта оқу орындарына ғана емес, мектеп оқушыларына да арналған оқу құралы ретінде жазылғаны ден қойдырады. Бұл жайтты аталмыш ұлттық рәміздердің қалыптасу және қолданысқа енгізілу тарихын қалың көпшілікке, соның ішінде жастарға дәріптеудің танымдық тағылымының маңызды екенін Ерекеңнің терең түсінгенімен байланыстыруға болады.

Бұдан кейін де зерттеуші осы саладағы ғылыми ізденісін әсте тоқтатқан емес. Мұның айшықты айғағы ретінде кейінгі жылдары Ербол Шаймерденұлының жарық көрген төменде келтірілген 4 көлемді кітабын атауға болады: 1) «Елтаным: тарихи-философиялық рәмізбаян (ғылыми-танымдық басылым)», 2005 жыл; 2) «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік рәміздері», 2008 жыл; 3) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», 2001 жыл; 4) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. Фотокітап», 2005 жыл. Зерттеушінің осы туындылары тәуелсіз Қазақстанның ұлттық рәміздері қорының қалыптасу тарихы жөнінде толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік береді.

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері



ЕЛДІК РУХТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Мемлекеттік рәміздер – ел тәуелсіздігінің, егемендігі мен ұлттық болмысының басты нышаны әрі халқымыздың өткені мен бүгіні арасын жалғайтын қасиетті белгі. Олар – мемлекеттіліктің ресми символы ғана емес, ұлттық сана мен ұрпақтың тарихи жадысын жаңғыртушы ерекше рухани күш.

ЕРЕКШЕ ҚАСТЕРЛІ ЕЛТҰМАР

Мемлекеттік рәміздер тек көрнекі белгілер емес, оларда ұлттың тарихы мен тағдыры тоғысып, рухы мен мақсаты бейнеленген. Ту – биік арман, Елтаңба – тарихи сабақтастық, Әнұран – жүрек дүпілі іспетті.

Қазақстан тарихындағы ерекше күн – 1992 жылдың 4 маусымы. Осы күні Ту, Елтаңба және Әнұран ресми түрде бекітіліп, егемен еліміздің нышандары заң жүзінде қабылданды. Ал 6 маусымда осы рәміздер туралы алғашқы заңдар күшіне енді. 2007 жылы 4 маусымда «Мемлекеттік рәміздер туралы» Конституциялық заң қабылданып, олардың қолданылу тәртібі нақтыланды.

**ЗЕРТТЕУ МЕН ЗЕРДЕЛУ
МАҢЫЗДЫ**

Мемлекеттік рәміздердің мазмұнын терең түсіну, қолдану мәдениетін арттыру және құқықтық негізін нығайту – ұлттық идеологияның басты тетігі. Осы орайда Мемлекеттік рәміздерді ғылыми әдістемелік тұрғыда зерделеу және оларды қоғамда кеңінен насихаттау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылы 31 наурызда №195 қаулы шығарып, Геральдикалық зерттеулер орталығын құрды. Бұл – Қазақстан тарихында геральдика саласын жүйелі зерттеуге арналған алғашқы әрі бірегей мекеме. Аталған орталықтың құрылуы тәуелсіз Қазақстанның ұлттық нышандарға деген құрметін арттырып қана қоймай, оларды ғылыми негізде зерделеудің жаңа кезеңін бастады. Орталықтың басты міндетінің бірі – қазақ геральдикасының тамырын тереңнен тартқан тарихын зерттеу. Сонымен қатар орталық халықаралық тәжірибелерді мұқият зерделеіп, өзге елдердің рәміздік саясатындағы озық үлгілерін отандық жүйеге



Мемлекеттік рәміздерге, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарап, оның мәнін ұрпақ бойына сіңіру – барша-мыздың қасиетті парызымыз. Себебі рәміз жай ғана сурет немесе әуен емес, ол – елдік рухтың жаршысы

бейімдеу жағын да қарастырады. Мекеме мамандары рәміздерді қолдану тәртібін реттейтін заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындап, жауапты органдарға жолдайды. Бұл – рәміздерді бейберекет қолдануға жол бермеудің, сондай-ақ елтаңба мен тудың заңсыз түрленген нұсқаларына тосқауыл қоюдың құқықтық тетігі. Орталық құрамында геральдикалық зерттеулер, наградаларды сараптау, насихаттау, қаржы және әкімшілік сынды 5 бөлім жұмыс істейді.

Қазіргі таңда еліміздің барлық облыстары мен үш ірі қаласында «Рәміздер алаңы» ашылған. Бұл бастама – халықтың ұлттық нышандарға деген құрметін арттыруға бағытталған нақты қадам. Астана қаласындағы ең үлкен ту тұғыры – осы игі істің айқын дәлелі.

**ҚҰРМЕТ БОЛМАСА,
ҚҰНЫ ДА БОЛМАЙДЫ**

Мемлекеттік рәміздерге қатысты құқықтық негіз бар. Қазақстан Республикасы

Конституциясының 9-бабында: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар» деп нақты жазылса, 34-бапта әр азаматтың оларды құрметтеуге міндетті екені ашық айтылды.

Мемлекеттік рәміздер әр азаматтың жүрегінде асқақ рух, қастерлі сенім ұялатуы тиіс. Сондықтан елтаңба, ту және әнұранды қалай болса солай өзгертуге, олардың мазмұны мен пішінін бұрмалауға, тіпті аяқтың астына тастауға болмайды. Бұл – тек құқық бұзушылық емес, ұлттық ар-ожданға қарсы жасалған өрескел әрекет.

Соңғы жылдары әлеуметтік желілерде Мемлекеттік рәміздерді өз бетінше өзгертіп, сауда белгісі ретінде қолдану, тіпті мазақ ету жағдайы кездесіп жатады. Мұндай әрекеттерге заңмен тыйым салынған. Қазақстан Республикасының Әкімшілік кодексінің 458-бабында Мемлекеттік рәміздерді құрметтемеу жауапкершілікке тартылатын әрекет деп нақты көрсетілген. Мәселен, 2025 жылдың наурыз айында Атырау қаласында төрт қыздың мұз айдырында Қазақстан туының өзгертілген нұсқасымен түскен фотосуреті қоғамда үлкен резонанс тудырды. Бетінде араб жазуы мен қылыш бейнеленген бұл ту Мемлекеттік рәміздерді қорлау әрекеті ретінде бағаланды. Полиция ҚР Қылмыстық кодексінің 372-бабы бойынша іс қозғап, нәтижесінде үш әйелге әкімшілік жаза қолданды. Мұндай мысалдар көпке үлгі боларлық әрекет емес. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – заңдық міндет ғана емес, адамдық, азаматтық борыш.

Мемлекеттік рәміздердің әрқайсысының өз орны, өз мәртебесі, өз мағынасы бар. Сондықтан оларды бейберекет қолдануға жол берілмеуі тиіс. Мәселен, Мемлекеттік ту тек ресми ғимараттарда,

халықаралық жарыстар мен салтанатты іс-шараларда, рұқсат етілген орында ғана көтерілуі тиіс. Кейбір азаматтар көлік терезесіне іліп, тіпті киім үлгісіне пайдаланып жататыны байқалады. Бұл – туға деген құрметтің емес, керісінше, оны қадірлемедің белгісі. Елтаңба тек арнайы мекемелерде, мемлекеттік құжаттарда, ресми бланкілерде ғана бейнеленуі керек. Кей жағдайда оны жеке заттарға жапсыру, жарнамаға немесе сауда белгісіне айналдыру орын алып жүр. Бұл да рәміздің мәнін түсінбеудің салдары. Әнұран – ең биік рухани белгі. Әнұран шырқалғанда орнынан тұру, оң қолын жүрек тұсына қою – бұл жай салт емес, ұлт алдындағы жауапкершілік пен құрметтің көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, әр рәміздің қолданылу тәртібін сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Мемлекеттік рәміздер туралы заң бар, бірақ басты заң – жүректегі құрмет пен ұлттық санада.

Геральдикалық зерттеулер орталығының бас маманы Айгүл Еркемованың айтқанына, бүгінде рәміздерді қолдануда бірқатар кемшілік кездеседі. Кейбір аудандар өз бетімен логотип түрінде герб жасап алған. Сондай-ақ рәміздердің киімдерде, тағам қаптамаларында, жарнамаларда жөнсіз қолданылуы дұрыс емес.

«Жалпы Мемлекеттік рәміздерге байланысты назар аударуға тиісті мәселе өте көп. Қазір біздің орталығымыз сол мәселелерді реттеуге баса назар аударуда. Әрбір мемлекеттік нышанды қолданудың, пайдаланудың нормасы, тәртібі бар. Отандастарымыз соны ескеруі керек» дейді ол.

Қысқасы, Мемлекеттік рәміздерге, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарап, оның мәнін ұрпақ бойына сіңіру – барша-мыздың қасиетті парызымыз. Себебі рәміз жай ғана сурет немесе әуен емес, ол – елдік рухтың жаршысы!

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ,
Адия КӨРІПЖАН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

Құстың қос қанатындай 48 жыл 9 ай бір-бірімізден бір сәтке де ажырамай бірге жүріп келіп, қас-қағым сәтте сенен айырылып қалғаныма, міне, бүгін 15 жыл болды. Бір жаққа шығып кеткендей немесе ауруханада жатқандай, бір күні келіп қалатындай алаңдаумен, күнде күтумен уақыт, шіркін, өтіп жатыр.

Егер сен арамызда болсаң, осы күндері 90 жасқа келер едің ғой. Бүгінде ол мерейтойыңды өткіземіз деп жан жақтағы балаларың дайындалып жатпас па еді деп өзімнен-өзім ойға батып отырғанымда, кенеттен телефон шылдыр ете қалды. Тұтқаны көтерсем, арғы жағынан өзіңнің қаламдас інің, шәкіртің Мұратбек Тоқтағазиннің дауысы естілді. Ол аман-дық-саулықтан кейін сенің туған күніңнің жақындап қалғанын, соған байланысты редакцияның біраз іс-шарасын айта келіп, маған да қолқа салды. Дәл осы кезде Мұратбек екеуіміздің ойымыздың бір жерден шыққанына жүрегім елжіреп, көңілім босап, сөйлей алмай тұрып қалдым. Сәл үнсіздіктен кейін Мұратбек біраз басу айтып, «сізде айтатын дүниелер жетеді ғой, сондықтан жазғаныңыз дұрыс болар еді» деді. Сөйтіп, қолыма қалам алуға тура келді.

Әрине, жарты ғасыр жұптасып өткізген өмірімізде айтатын жайлар баршылық қой. Тек соларды толық еске түсіріп, жүйелеп бере алсамыз. Өйткені әр оқиға еске түскен сайын, әр сөйлемді құрастырып жазған сайын жүрек толқып, көңіл босайды, көздің жасы тыйылмай да кетеді.

Сонымен, біз 1956 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне, журналистика бөліміне оқуға түстік. Ол мектепті алтын медальмен бітіріп келгендіктен оқуға бірден түсті, ал мен емтихан тапсырып, журналистика бөлімінде оқыдым. Бір жылдан кейін ғана ол бізге ауысып келді. Бір топта 25 студент, оның 5-еуі қыздар болды. Мен алғашқы 3 жылда үйде тұрдым. Себебі жездем сол жылдары Алматы жоғары партия мектебінде оқыды да, жанұясымен Тастақ деген жерде пәтер жалдап тұрды. Мен солармен бірге болдым. 3 жылдан кейін оқуды бітірген соң, олар Орал қаласына көшіп кетті. Содан кейін мен жатақханаға шықтым. 4-курстан бастап біз, студенттер, сабақты бірге оқып, емтиханға бірге дайындалып жүрдік. Осы

кезде жігіттердің біразы үйленіп, қыздар тұрмысқа шыға бастады. Біз де соңғы 5-курстың аяқ кезінде көңіліміз жарасып, бас қостық. Оқуымызды ойдағыдай тәмамдағаннан кейін, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жолдамасымен Тың өлкесінің орталығы – Целиноград қаласына келіп, өлкелік «Тың өлкесі» газетіне жұмысқа орналастық. Редакцияға бірден 4 журналист – Мәди Хасенов, Жұмамұрат Тұяқбаев және екеуіміз келдік. Газет редакторы Ұара Нұрсейітов деген кісі екен. Бізді өте жақсы қабылдады. Сол жылдары елімізде қыз-келіншектер қатарындағы журналистер өте аз болатын. Ал бұл редакцияда мүлде жоқ екен және ерлі-зайыпты журналистер тіптен болмаған.

Сөйтіп, 1961 жылдың 15 тамызынан бастап біздің өміріміздің жаңа парақтары басталды. Редакцияда жастар өте көп болды. Жұмысымыз жемісті, өміріміз көңілді өтіп жатты. Редакцияның комсомол, партия ұйымдарының, Журналистер одағының жұмыстарына белсене араластық. Қандай да бір мереке, туған күн, үйлену тойы мен өмірге саби келу қуанышының басы-қасында біз жүрдік. Әнші, күйші, биші дегендер өз арамыздан табылатын. Октябрь күйді өте шебер тарта-тын. Мектепте жүргенде, одан кейін университеттің домбыра оркестріне қатысқан. Қандай күйлерді болсын ол өте мәдениетті, білімділікпен орындайтын. Сондай бір басқосударда марқұм Жомарт ініміз: «біздің Өкең Рахия апайды қырық күй тартып өзіне қаратып алған» деп қалжындап отырушы еді. Сөйтіп, біз әдеби қызметкерліктен бастап зейнетке шыққанға дейін журналистиканың барлық са-тысынан өттік. Жұмыста ғана сондай жоғары жетістіктерге жетіп қоймай, жанұямызда да өсіп-өну, әртүрлі қуанышты оқиғалар аз болған жоқ.

44 жасында жұбайы соғысқа кетіп, содан оралмаған, үш баламен жесір қалған Шәрипа анамызды оқу бітіріп келгеннен кейін қолымызға көшіріп алған болатынбыз. Оның бауырында болған Қымбат деген



САҒЫНЫШ

(АРДАҚТЫ АЗАМАТ, ЖАН ЖАРЫМ
ОКТАБРЬ ӘЛІБЕКОВ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР)

үлкен апасының 4,5 жастағы баласы – Болатты да бірге ала келдік. «Үйленгендері кеше ғана сияқты еді, мына бала кімдікі болды екен» деп сұрағандардың кейбіреулеріне: «менің бұрынғы әйелімнен туған» десе, екіншілеріне: «Рахияның соңынан еріп келген» деп қалжындайтын Октябрь. Сөйтіп, біз оны тұңғыш баламыздай тәрбиелеп, өсірдік. Оның соңынан өзіміздің қыздарымыз – Ақмарал, Ботагөз, Лейла, кенже ұлымыз Қанат келді өмірге. Анамыздың арқасында балалардың бейнетін көргенім жоқ, жұмыстан да қалмадым. Тұрмыс жағдайымыз да біртіндеп жақсара бастады. Жұмысқа алғаш келген кезде бір бөлмелі пәтер жалдап тұрған едік. Артынан өмірге балалар келіп, жанұямыз үлкейген сайын үйіміз де кеңейіп, әуелі екі бөлмелі, одан үш бөлмелі, соңынан, яғни Октябрь газеттің бас редакторы болып тағайындалғаннан кейін бес бөлмелі үйге кірдік.

Тың өлкесі тараған соң газеттің аты өзгеріп, «Коммунизм нұры», одан «Арқа ажары» деп аталды. Сол жылдардың ішінде

алғашқы редакторымыз У.Нұрсейітовтен кейінгі редакторлар Сафаржан Хайдаров, Әнуар Ип-мағанбетов, Ыбрайым Қапаров, Әмір Нүркішев деген ағалардың алдынан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алдық. Екеуіміздің де еңбегіміз жанып, дәрежеміз өсті, марапаттардан да кенде болғанмыз жоқ. Кезінде «СССР баспасөзінің үздік қызметкері» атағына ие болғаным, КСРО Журналистер одағының төртінші, Қазақстан Журналистер одағының бесінші съездеріне делегат болып қатысқаным, ұзақ жылдар бойы пленум мүшесі болғаным соның бір дәлелі болса керек.

Ал Өкең 18 жылдан кейін өзіміз қара шаңырағымыз санайтын «Арқа ажарының» алтыншы бас редакторы болып бекітіліп, оны зейнетке шыққанша, яғни 16 жыл басқарды. Талай шәкірт тәрбиеледі. Газеттің қоғам талабына сай шығуына, партияның тапсырмасын мұқият орындауға асқан жауапкершілікпен қарады. Ұжым мүшелерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жіті қадағалап, қолдан келген көмегін аяған жан

емес. Онымен қоймай, олардың балаларына дейін әкелік қамқорлық жасап отырды. Ал мен болсам редактордың зайыбы болғанымнан кейбір мақтау-марапаттаудан кеншін қалып жатсам да, қолымнан қаламымды тастаған жоқпын. Оған қоса редактордың бабын табу, бес бала мен енеге қарау, үздіксіз келіп жататын қонақтарды күту, редакцияның тапсырмасын орындау сияқты қат-қабат жұмыс атқарылып жатты. Ұжымда, жүрген жерімізде, жалпы қай ортада болсын абырой-беделіміз жоғары, үлкенге сыйлы, кішіге ілтипатты болдық. Әртүрлі қаңқу сөз, сыни көзқарас та болмай қалмады. Әйтсе де сол сындардан сүрінбей өтіп, құрметті зейнетімізге шықтық. Октябрь 60-қа толып, мерейтойын барша ел-жұрт болып құрметпен өткізгеннен кейін орнын бірнеше жыл қанаттасып жұмыс істеген, тәрбиелеген, өзінің оң қолы болған қадірлі інісі Жомартқа ұсынды. Бұдан кейін де ол құл қусырып қарап отырмады. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Ақмола бөлімшесінің директоры болып бірнеше жыл қызмет етті.

Ұлды ұяға қондырып, қызды қияға ұшырып, өрісіміз кеңейіп, олардың әрқайсысынан екі-үштен көрген немерелердің ортасында еркін қыдырып, сайрандап жүреміз ғой деген шақта Өкең қатты сырқаттанып, тіпті жүре де алмай қалды. Қанша қиын болса да оған ештеңе білдірмей, қолдан келген бар жағдайды жасадық. Балаларым да, өзім де оны әлі де болса біраз жыл өмір сүреді деп үміттендік. Өркез әңгімелесіп отырған уақытта мен оған: «сенің анаң, жалпы нағашы жұрттың – ұзақ жасаған адамдар. Солардың ішінде, әсіресе, 97-ге қараған шағында дүние салған анамыздың жасына келмей ешқайда кетпейсің. Оның бергі жағында 50 жылдық алтын тойымызды да өткізуіміз керек. Ол да есінде болсын» деуші едім.

Екінішке қарай, менің бұл өтініштерімнің бірі де орындалмады. Дендеген сырқат еңсесін көтертпей, екі жылдай төсекке танып тастады. Мен оны тым жас та кетті демеймін, әрине. Алайда біраз көретін қызықтары, жазатын дүниелері көп еді ғой оның. Амал не, сұм ажал кімді аяған?!

*Күтемін күнде өзіңді,
Бір күні келіп қалар деп.
Болмасын олай сезіндім,*

*Қолдан келер шара жоқ.
Екі жыл күттім аялап,
Еңбегім бірақ жанбады.
Болып ең бізге сая-бақ,
Ортайып орның тұрады.*

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, балаларымыз Октябрь сияқты жауапкершілігі жоғары, адал, салиқалы азаматтар болып өсті. Тұңғыш қызымыз Ақмарал адам жанының арашасы деген атаққа лайық дәрігер болды, 16 жыл үлкен бір емхананың бас дәрігері міндетін абыроймен атқарып зейнетке шықты, ал күйеу баламыз Рәшид – құрметті полковник. Бүгінде екеуі екі қыз, бір ұл баладан бес немере сүйген ата-әже. Екінші қызымыз Ботагөз бен жолдасы Ғибрат, үшінші қызымыз Лейла мен күйеу баламыз Асқар алған мамандығы – ғалым-агроном ретінде елімізге қосқан үлесі аз болған жоқ. Әрқайсысы екі-екі балаларынан төрттен немере сүйіп отыр. Айтқандай, Ғибрат пен Ботагөздің қызы – біздің жиен немереміз Ғалия – атасының жолымен журналист мамандығын алғанына қатты қуандық. Кенжеміз – Қанатымыз қаржыгерлер арасында сыйлы да білікті қызметкер ретінде зор құрметке ие.

Октябрьдің тағы бір ерекше қасиеті ағайын-туысқа адал, достыққа берік болды. Өзінен үлкен апасы Қымбат пен қарындасы Теңдіктің балаларын оқытып, жоғары білім алуына көмектесті. Апамыздың баласы Болат 4 жасынан бастап біздің тәрбиесінде болған, бүгінде келініміз Гүлнәр екеуі екі балаларынан төрт немере сүйіп отырған құрметті зейнеткерлер. Ал қарындасы Теңдіктің кіші балалары Алмас пен Әсемді оқытып, әрқайсысы жеке-жеке отбасы, өз балаларымыздай болып кеткен.

Жұмыс бабында да сондай елгезек, оқу бітіріп келген жас журналистерге деген қамқорлығын бір аяған емес. «Айтқанды – қайтқаны» дегендей, кезінде ағалық, әкелік қамқорлығын көрген Бәдүан Имашев, Марат Дәдікбаев, Мұратбек Тоқтағазин, Бейбіт Оспанов, т. б. шәкірттері Октябрьдің 90 жылдығы қарсаңында жүрекжарды лебіз-естеліктен құрастырылған жинақ шығаруды ұйымдастырған еді. Сол кітап бүгін оқырманға жол тартып отыр. Оларға айтар алғысын шексіз. Рахмет!

Рахия ӘЛІБЕКОВА,
ардагер журналист,
Ақпарат саласының үздігі

ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Астана қаласындағы №5 балалар кітапханасында белгілі журналист, «Құрмет» орденінің иегері, Мәдениет қайраткері Ғалия Балтабайдың «Тұлғалар – асыл жандар» кітабының тұсаукесері өтті. Тағылымды шараға кітап деген асыл құндылықты бағалайтын ел азаматтары, зиялы қауым өкілдері, белгілі қаламгерлер мен журналистер қатысты.

Ержан ҚОЖАС

Бұл – автордың бұған дейін жарық көрген «Тұлғалар – ғажап жандар» кітабының жалғасы. Баспадан шыққан су жаңа етженді еңбектің ішіне тарихта өзінің асыл мұраларымен қолтаңба қалдырған, ұлттық мәдениетімізге зор үлес қосқан халқымыздың мақтан етер ұлы тұлғалары, мемлекет және қоғам қайраткерлері жайында мол мағлұмат топтастырылыпты. Бұған қоса, Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда атап өткен елге деген адами құндылықтарымен ерекшеленген ғажап жандардың еңбек жолдары да баяндалады. Айталық, мұнда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Иса Байзақов, Майра Шамсутдинова, Төрегелді Шарманов, Нұрғожа Ораз сынды әдебиет һәм мәдениет қайраткерлерінен бөлек, бүгінде ел жолында алғаусыз қызмет етіп жүрген ұлт жанашырлары жайлы көп дерек табуға болады.



Тұсаукесерде сөз алған бірқатар азамат Ғалия Балтабайдың өзіндік журналистік ұстанымы мен қаламгерлігі жайлы жылы лебіз айтты.

«500 беттен асатын бұл кітаптың маңызы ерекше. Се-

бебі алдағы ұрпақ білуге тиіс әрі одан үлгі алатындай кейіпкерлер мұнда жетерлік. Шын мәнінде, журналист ретінде Ға-

лия апайдың елге жасаған бұдан да өзге еңбегі көп. Тек қана журналистика емес, қоғам қайраткері ретінде туған еліне істе-

ген елеулі ісі мол. Қазақ қызы ретінде жасап жүрген оның әр қызметі екінші бірінің қолынан келе бермес. Қазақ жұртының өсіп-өнуіне, ел ретінде өркендеуіне үлесін аямаған кейіпкерлерді елге кеңінен таныстырған авторға үлкен рақмет айтқым келеді» дейді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы.

Кеште жазушы Сәдібек Түгел, Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантай, белгілі журналист, экс-сенатор Дана Нұржігіт және т. б. қонақтар жаңа кітапқа деген құттықтауын жеткізіп, авторға шығармашылық табыс тіледі.

«Ғалия апайдың кәсіби журналист ретінде кітаптағы әр тұлғаның болмысын ашу шеберлігін атап өткім келеді. Оның ішінде дүниеден өтіп кеткен ұлт азаматтарының жөні бір бөлек, бүгінде арамызда жүрген қайраткерлердің ішкі жан дүниесін айналырған үш-төрт сұрақпен ашып, яғни сұхбаттасу тәсілінің тым ерекше екенін айтуға болады. Мұнымен қатар, өңірлерде сіздің жолыңызды жаңғыртқан, өзіңіз тәрбиелеген көп шәкіртіңіз журналистикада еңбек етіп жүргені белгілі. Тұлғаларды жұртшылыққа танытуда еңбегіңіз еселене бергей!» деп тіле-

гін жеткізді Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантай.

Кітап тұсаукесерінің соңында Ғалия Құсайынқызы барша келген қонақтарға алғысын айтты. Сондай-ақ жаңа кітаптың жазылу тарихына да аз-кем тоқталды.

«Кітапқа енгендердің көпшілігі кезінде газет-журналдарға шыққан мақалалармен қоса жаңа жазылған дүниелер еді. Солар әр жерде шашылып қалмасын деп бір кітапқа топтастырдым. Жалпы осы еңбегімде ел тарихында аты қалған, өздері бұл дүниеден кетсе де, кейінгі ұрпаққа бай мұрасын өнеге еткен ақын-жазушылар мен майдангерлер, журналист қауымы, ұстаздар мен кітапханашылар, сондай-ақ өзге де еңбек адамдары қамтылды. Мен жазушы емеспін, бірақ журналист ретінде қоғамға өзіндік үлесін аямаған азаматтардың үлгі боларлық жақсы адами қасиеттерін кеңінен көрсеттім. Яғни бүгінгі буын мен келер ұрпақ тәлім алатындай дүниелерді осы елгеғимдіің ішінде ұсынып отырмын. Бұл кітап осындай оймен жарық көрген болатын» дейді Ғалия Балтабай.

Кеш барысында автор келуші қонақтарға өз қолтаңбасымен «Тұлғалар – ғажап жандар» кітабын сыйға тақтты.



Жүгіруден төртінші рет өткен Astana Half Marathon-ға 8 мың адам қатысып, рекорд орнады. Астанаға еліміздің барлық өңірінен және 30-дан астам елден марафоншылар арнайы келді.

10 шақырымға скандинавиялық жүріс, 21 шақырымға эстафета сайысында сынға түскендер арасында 2026 жылғы Милан және Кортина-д'Ампеццо қысқы Олимпиадасының лицензия иегерлері, шаңғышы Надежда Степашкина, Наиль Башмаков сынды белгілі спортшылар болды.

Astana Half Marathon-ның осы жолғы ерекшелігі – жүгіру маршруты ауысты. Әуесқой спортшылар стартты Тәуелсіздік алаңынан бастап, «Арқар» және Сығанақ-Мәңгілік ел көпірі арқылы мәреге жетті. Жол бойында олар қаланың ең сәулетті жерлері саналатын «Ақорда», Есіл жағалауы, «Бәйтерек», Abu Dhabi Plaza және EXPO

нысандарының жанынан жүгіріп өтті. «Жылда маусым айының ортасында өтетін марафонды күннің ыстығына байланысты бұл жолы 1 маусымда өткізуді ұйғардық. Бастапқыда күн ыстық болғанмен, сәлден соң бұлттанып, қатысушыларға өте жақсы температура қалыптастырды. Өздеріңіз білетіндей, биыл трассамызды ауыстырдық. Себебі Тәуелсіздік монументінен басталатын жол адамдардың еркін жүгіруіне мүмкіндік береді. Қатысушылардың санын 8 мыңға шектедік, өйткені бізге саннан гөрі сапа маңыздырақ. Алдағы уақытта да әуесқой спортшыларға мерекелік жарыстарды ұйымдастыруды жалғастыра береміз» деді «Бірінші

болу – батылдық» корпоративтік қорының атқарушы директоры Салтанат Қазыбаева.

Жеңімпаздарға келсек, 10 км ерлер арасында I орынды Рақымжан Келманов алып, жолды 30:52 уақытта аяқтады. Екінші орынды 31:54 нәтижесімен Әлімжан Балтабек, ал үшінші орынды Өзбекстаннан келген Дилмурод Хужамов иеленді, ол 31:59 уақытта мәреге жетті.

10 км әйелдер жарысында I орынды Виктория Сергеева алды, нәтижесі – 35:28. Екінші орынды Эльвира Тахауова иеленіп, 37:03 уақытта жүгірді, ал үшінші орын Диана Ержановаға берілді – 37:28.

21,9 км ерлер арасында жарыстың бас жүлдесін Украинадан келген Виталий Шафар жеңіп алды, оның уақыты 1:05:23 болды. Екінші орынды Өзбекстаннан Нодирбек Муталипов иеленіп, 1:06:19 нәтижесін көрсетті.



Үшінші орын да Өзбекстан атынан шыққан Бекзод Бойматовқа бұйырып, ол жолды 1:06:42 уақытта аяқтады. 21,9 км әйелдер жарысында I орынды Дана Айдосова жеңіп алып, 1:17:44

нәтиже көрсетті. Екінші орынды Өзбекстаннан Екатерина Тунгускова иеленді, оның уақыты – 1:18:31, ал үшінші орын ресейлік Елена Толстыхқа бұйырды – 1:19:46.

Бетті дайындаған **Шапағат ӘБДІР**

АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАДЫ

Бас қаладағы «Арғымақ» ат спорты кешенінде конкур бойынша Еуразия лигасының әлем кубогы кезеңі мен атпен мәнерлеп жүруден халықаралық турнир өтті. Елорда тарихында алғаш рет ұйымдастырылған жарысқа Армения, Грузия, Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстаннан 60-қа жуық спортшы, бұған дейінгі кезеңдердің жеңімпаздары мен болашақ дебютанттар – Еуразиялық лиганың ең мықты шабандоздары қатысып, өз шеберлігін көрсетті.



Салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев қатысып, ресми түрде жарыстың басталғанын жариялады. Осылайша, бірінші күні үш түрлі сайыс өтті. Нәтижесінде 125 см биіктіктегі кедергілермен өткен Еуразия лигасы әлем кубогы кезеңінде I орын Қырғызстаннан келген Андрей Тряпицынға бұйырды, II орын – Өзбекстан өкілі Хуршидбек Алимджановқа, ал III

орын қазақстандық Даяна Оңаеваға тиесілі болды. Сол деңгейдегі Maxima Masters Eurasia шағын кубогында I орын Қазақстан атынан сынға түскен Бекжан Байжанұлына, II орын Андрей Тряпицынға (Қырғызстан), III орын Хуршидбек Алимджановқа (Өзбекстан) бұйырды.

140 см биіктіктегі кедергілермен өткен үшінші сайыста барлық жүлделі орынды өзбекстандық спортшылар иеленді: I орын – Хуршидбек Алим-

джанов, II орын – Ақбар Шарипов, III орын – Бекзод Курбанов. Соңғы күнгі нәтиже бойынша Maxima Masters Eurasia шағын командалық кубогы аясында 130 см биіктіктегі конкурда I орын – Қазақстан құрамасына, II орын – Өзбекстан құрамасына, III орын Қырғызстан құрамасына бұйырды.

Гран-при бәсекесі – Еуразия лигасының әлем кубогы кезеңінде, 160 см биіктіктегі конкурда I орын – Қырғызстан атынан сынға түскен Камиль Сабитовқа, II орын – оның отандасы Ринат Галимовқа, III орын Өзбекстан өкілі Хуршидбек Алимджановқа бұйырды.

Турнирдің жабылу салтанатында ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов халықаралық жарыстардың еліміз үшін маңызына тоқталып, оны жан-жақты насихаттау қажет деді. Сондай-ақ ол барлық спортшылар мен ұйымдастырушыларға алғысын білдірсе, жарысқа төрелік еткен халықаралық деңгейдегі төрешілер турнирдің жоғары ұйымдастырушылық деңгейде, халықаралық стандарттарға сай өткенін атап өтті.

Жалпы жүлде қоры 24000 АҚШ долларын құраған жарыс отандық спорт пен халықаралық ынтымақтастықты дамытуда маңызды қадам болды.

ЖАС БОКСШЫЛАР ЖЕҢІСІ

Қазақстан боксшылары жасөспірімдер және жастар арасындағы Азия чемпионатында 41 алтын медаль алып, тарихи жетістікке қол жеткізді.



Жақында ғана Шри-Ланка елінің Коломбо қаласында өткен құрлық біріншілігінде топ жарған спортшылардың қатарында Астана қаласының да жас боксшылары сәтті өнер көрсете білді. Атап айтқанда, U-22 санаты бойынша өткен чемпионатта Бақберген Алиаскаров (80 келі) пен Ибрагим Бетаев (86 келі) барлық қарсыласынан басым түсіп, «Азия чемпионы» атағын жеңіп алды. Ал жастар арасындағы жарыста Ақбота Есембекова (66 келі) топ жарып, алтыннан алқа тақты. Сондай-ақ Иордания астанасы – Амманда өткен кадеттер арасындағы Азия чемпионатында да астаналық жасөспірім

боксшылар жеңіс тұғырынан көрінді. Қазақстан құрамасы сапында сынға түскен Досжан Жұмақан мен Санжар Матасов алтын медаль иеленді. Құрлық чемпионатында жеңіске жеткен жас спортшыларды Астана қалалық бокс федерациясының президенті Алмат Маратұлы Досымов арнайы құттықтап, қаржылай сыйлық ұсынды. Федерация басшысы елордалық боксшылардың Азия чемпионатындағы жеңісі үлкен еңбектің жемісі екенін атап өтіп, жас спортшылардың алдағы уақытта да халықаралық жарыстарда табысты өнер көрсетуі үшін жан-жақты жағдай жасала беретінін айтты.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300 Тапсырыс № 64 Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС